

Жапониядағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 14 ақпан N 201

"Австрия Республикасында, Испания Корольдігінде, Малайзияда, Түркменстанда, Жапонияда Қазақстан Республикасының Елшіліктерін ашу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 5 желтоқсандағы N 3255 U963255_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жапониядағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат саны 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап 19 адам болып бекітілсін.

2. Жапониядағы Қазақстан Республикасының Елшісіне лауазымдық шетел валютасымен жалақысы 4000 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.

Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасы Елшісінің шетел валютасындағы жалақысын негізге ала отырып, штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

3. Елшілік қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге аударым

олардың шетел валютасындағы еңбек ақысының 6 проценті мөлшерінде белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп Жапониядағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат кестесі мен шығыстар сметасын олардың құрамында Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық ынтымақтастық жөніндегі арнаулы бюроны көздей отырып, бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК